

Қ. Н. ӘБУҒАЛИЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕЙТІН ЗАҢНАМАНЫ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АҒА ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРІ, ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
«Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысы мәтініндегі аударма сәйкестігі**

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысы мәтініндегі қазақ тіліне аудару кезінде кеткен қателіктер жайында айтылған. Автор бұл қателіктердің орын алу себептерін түсіндіре отырып, өз ұсынысын да алға тартады.

Түйін сөздер: нормативтік-құқықтық актілер, Конституциялық Кеңес, Жоғарғы Сот, нормативтік қаулы, стильдік-грамматикалық, тіларалық, тілішілік, бірыңғай форма.

Әлемдік тілдер құрылымына қарай аморфтық, флективтік және агглютинативтік болып үшке бөлінеді. Біз қарастырып отырған қазақ тілі — агглютинативтік тілдерге, ал, орыс тілі — флективтік тілдерге жатады. Осының өзінен біз «қос тіл» дей келе, «ағайын» ретінде санамызға сіңіп кеткен орыс тілінің табиғаты қазақ тілінен едәуір алшақтау екенін аңғаруға болады. Сондықтан бір тілден екінші тілге мәтінді аудару (қазіргі жағдайда орыс тілінен қазақ тіліне аудару) кезінде қиындықтар туындайды да, нәтижесінде сол тілге (қазақ тіліне) тән стильдік-грамматикалық талаптардың сақтала бермеуінен орашалақ аудармалар дүние есігін ашуда. Бұған бүгінгі таңдағы күшіне еніп отырған қаулы-қарарлар да өз септігін тигізуде. Мәселен, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» № 213-І Заңының 21-бабына сәйкес «Мәжіліске нормативтік құқықтық актілер жобасы қағаз және электрондық тасымалдағыштармен мемлекеттік және орыс тілдерінде беріледі».

Конституциялық Кеңестің 2007 жылғы 14 ақпандағы «Адвокатура мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын тексеру туралы № 2 қаулысында егер қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің сәйкеспеуі құқықтық норманың тұжырымдамалық мазмұнын бұрмаласа және оны бірдей түсіну мүмкін болмаса, мұндай норма негізгі Заңның 7-бабының 2-тармағымен алып қарағанда, белгіленген тәртіпте Конституцияға сәйкес емес деп танылады¹.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы» нормативтік қаулысы мәтінінің аудармасындағы ақауларға көз жүгіртейік.

3-тармақта с помощью механизмов или животных деген тіркес қазақ тілді нұсқада тетіктер мен жануарлардың көмегімен деп аударылған. Бұл жерде механизм сөзін тетік деп аударған (аудармашы бір жағынан «изм-нан» қашқақтаған да шығар). Сөздіктерде механизмнің құрылым, механизм, тетік деген аудармаларын қатар береді. Бірақ жоғарыдағы мәтінде осылардың ішіндегі тетік сөзін қолдануы қисынсыз деп ойлаймыз. Мәтіннің негізгі мазмұны ауқымды әрекетті нұсқағандықтан, сол механизм сөзінің өзін қалдырған оқырманға әлдеқайда түсінікті, әрі орынды болар еді.

16-тармақта совершенное виновным до или после убийства тіркесі адам өлтіргенге дейін немесе кейін кінәлі жасаған деп аударылған. Қазақ тілінің грамматикасына сүйенетін болсақ, «немесе» — талғаулықты шылау, яғни сөйлемді тең дәрежеде байланыстырып, екі әрекеттің бірі ғана жүзеге асатынын аңғартады. Ал, «дейін» демеулік шылауы алдындағы сөзбен тек

барыс септікті жалғаумен (-ға; -ге; -қа; -ке;) ғана тіркесе, «кейін» демеулігі шығыс септік жалғаулы (-дан; -ден, -тан; -тен;) сөзін талап етеді де дұрысы — *адам өлтіргеннен кейін* болуы керек. Демек, бұл жерде тафтологиялық сипат алмауы үшін, *немесе* шылауынан кейін «одан» сөзін (септеулі есімдік) қолданып, аталған аударманы «*адам өлтіргенге дейін немесе одан кейін кінәлі жасаған*» деп түзетуді ұсынамыз.

Осы тармақта сондай-ақ предполагается совершение другого преступления тіркесінің аудармасы басқа қылмыстың жасалуы болжануы деп алынған. Керісінше аударсақ, «*совершение, предположение другого преступления*» болып шыға келеді. «*Жасалуы*» сөзіне ілік септік жалғауының жалғанбай қалуынан, мәтін мазмұны өзгеріп кетіп тұр. Сонда дұрысы — «*басқа қылмыстың жасалуының болжануы*».

Осыдан кейінгі көлемді сөйлемде *При установлении указанного мотива убийства не имеет значения* деп басталып, әрі қарай кінәліге қатысты әрекеттер сараланып, ...*достиг ли виновный в результате убийства своей цели* деп сөйлем аяқталады. Нормативтік қаулыдағы аудармасы «*кінәлі адам өлтіру нәтижесінде өз мақсатына жетті ме маңызды емес*» деп алынып, тағы да қысқа қайырылып, мазмұнсыз таза аударманың иісі аңқып тұр. Сөйлемде, кінәлінің әрекеттеріне қатысты ақпараттар бірыңғай формада санамаланып келгеннен соң, бұл жерде нақтылау мақсатында айқындауыш сөзді қосса, аталған кемшіліктің тігісін жатқызар еді. Сонда сөйлем *Адам өлтірудің аталған себебі белгілі болған кезде...* деп келіп, ... (бірыңғай мүшелі әрекеттер сипаты) *кінәлі адам өлтіру нәтижесінде өз мақсатына жетті ме* деген мәліметтер *маңызды емес* деп аяқталса, біздің ойымызша, сөйлемнің мағыналық үйлесуі қалыпқа келеді.

Қазақ тіліне аударылған мәтіндердің ішінде тыныс белгісіне қатысты қателер де көпшілік көзіне елене бермейді. «Түйені жел шайқаса, ешкіні аспаннан ізде» демекші, толық мағына беруге қатысты сөздер мәтінде өз орнын таба алмай жүргенде, тыныс белгілердің «репрессияға» ұшырап жатуы соншалықты мәселе емес сияқты көрінеді. Шын мәнінде тыныс белгісінің орынды-орынсыз қолданылуы да берілетін мағынаға қатты әсер ететінін білікті аудармашы әрдайым жадында ұстағаны дұрыс. Қарастырып отырған нормативтік қаулы бұл тұрғыда қателіктерден ада.

Сонымен жоғарыдағы мәтіндер құрылымындағы ақауларды кемшіліктерді түйіндей келе, аударма сәйкессіздігін төмендегідей кемшіліктермен саралауға болады:

1) Термин сөздер аудармаларының орынсыз қолданылуы (механизм — тетік).

2) Сөзбе-сөз аудару нәтижесінде, тілдің грамматикалық ережелерінің дұрыс сақталуынан шығатын логикалық мағына дербестігіне мән бермеушілік (одан кейін — септеулік шылаулардың тіркесуі).

3) Грамматикалық форманттардың ескерусіз қалуы (*жасалуының болжануы* — септік жалғауларының қалыс қалуы).

4) Кейде сөйлемнің мағынасын ашу мақсатында қазақ тілінің табиғатына тән көмекші сөздерді қолданбау (деген мәліметтер).

Сонда, жоғарыдағы түйіннен қазіргі тіліміздегі аударма жұмысында бірізділіктің жоқтығын аңғарамыз. Бұған, әсіресе, аудармадағы атап өткеніміздегідей (*механизм — тетік*) термин сөздердің бірнеше нұсқада келуін мысалға келтіруге болады. Осы ретте тілші, ғалым Ш. Құрманбайұлының сөзімен былай тұжырым жасауға болады: «тілішілік біріздендіруді де, тіларалық біріздендіруді де ендігі жерде ескі сарынмен жүргізе беруге болмайды. Тілішілік біріздендіру барысында ұлт тілінің ішкі мүмкіндіктері сөз жүзінде емес, іс жүзінде барынша кәдеге жаратылуы керек. Ал тіларалық біріздендіру ғылым мен техниканың өркендеуі немесе мемлекеттердің саяси және экономикалық ықпалдылығы сияқты тілден тыс (экстралингвистикалық) факторларға ғана негізделмей, тілдердің туыстығы мен құрылымдық ұқсастығы тәрізді таза тілдік (лингвистикалық) факторларды да ескере отырып жүргізілуі керек. Сонда бізде терминологияны қалыптастыруда кеңестік кезеңдегідей орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы қабылдаудан басқаны білмейтін біржақтылық орын алмайды»².

Резюме

В статье рассмотрены проблемы аутентичности перевода с русского языка на государственный язык нормативного постановления Верховного суда Республики Казахстан «О квалификации некоторых преступлений против жизни и здоровья человека». Автором классифицированы выявленные в тексте нормативного постановления ошибки согласно теории языкознания. Даны соответствующие рекомендации по совершенствованию настоящего нормативного постановления в связи с переходом на новую модель уголовного законодательства Республики Казахстан.

Resume

In the article of рассмотрены problem of authenticness of translating from Russian into the official language of the normative Supreme Court of Republic of Kazakhstan ruling «About qualification of some crimes against life and health of man». An author is classify educed in text of normative decision of error in obedience to the theory of linguistics. Corresponding recommendations are given on perfection of the real normative decision in connection with passing to the new model of criminal statute of Republic of Kazakhstan.

-
- ¹ Жумағали А. Х. Проблемы аутентичности уголовного законодательства Республики Казахстан на казахском и русском языках // Актуальные вопросы развития уголовного законодательства в рамках развития проекта новой редакции УК РК: Мат-лы междунаро. науч.-практ. конф. — Алматы, 2014.
- ² Ш. Құрманбайұлы. Қазақ терминологиясы. — Алматы, 2014.